

«Бекітемін»

«Балбөбек» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі Кубасова Д.К.

\_\_\_\_\_



«Тексерілді»

\_\_\_\_\_

«Балбөбек» бөбекжай- балабақшасы

Әдіскер Досова Г.З

31.08.2023ж

\_\_\_\_\_

**№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының 2023-2024 оқу жылының  
музыкадан кіші тобына ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары**

**Музыка жетекшісі: Муратова А.С**

**2023-2024 жыл**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған**

**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ/сынып Кіші «Балбөбек»

Балалардың жасы 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2023 ж

| Айы      | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қыркүйек | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру;<br>- Бубен, сылдырмақ аспаптарының дыбысталуымен танысу;<br>- Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту;<br>-Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру. |

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-------|---------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазан | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыканы тыңдауда эмоционалды көңіл-күймен қабылдау;<br>-Бубен, сылдырмақ аспабын үнінен тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану;<br>-Ән айтуда педагогтың дауыс ырғағына еліктеу, қосылып ән айту;<br>-Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату. |

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--------|---------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қараша | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу;<br>-Барабан аспабымен және дыбысталуымен танысу;<br>-Ән айтуда педагог сөздерінің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту;<br>- Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|-----------------------------------------|
|-----|---------------------------|-----------------------------------------|

|           |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Желтоқсан | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауда баяу және көтеріңкі дыбысты , музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу;<br>-Барабан аспабы мен сылдырмақ, бубен аспаптарының үнін салыстырып тыңдату, үнінен тану;<br>-Ән айтуда әнді жеке және топпен айтуға үйрену;<br>- Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. |
|-----------|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|        |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Қаңтар | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу;<br>-Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану;<br>-Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу;<br>-Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбаңдаған қонжықтар). |

|       |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Ақпан | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | - Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, фортепианоның сүйемелдеуімен ән айтуға үйрету, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру.<br>- Сырнай аспабының түрлерімен таныстыру, аспапта ойнаудың қарапайым тәсілдерін көрсету, сырнай аспабын қолданып, ән айтуға үйрету<br>-Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру;<br>-Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау. |

|     |                           |                                         |
|-----|---------------------------|-----------------------------------------|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|-----------------------------------------|

|        |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--------|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Наурыз | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру;<br>-Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану;<br>-Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру;<br>-Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. |
|--------|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|       |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-------|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Сәуір | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау;<br>-Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану;<br>-Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту;<br>-Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту. |

|                            |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------------|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Айы                        | Ұйымдастырылған іс-әрекет       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Мамыр                      | Музыка<br><i>Аптасына 1 сағ</i> | -Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу;<br>-Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай);<br>-Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту;<br>-Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |
| <b>Нормативтік жүктеме</b> |                                 | Аптасына 1 сағат<br>Айына 4 сағат<br><b>Барлығы 36 сағат</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |